

«Астана медицина университеті» АҚ  
№1 Қоғамдық денсаулық сақтау кафедрасы

# СӨЖ

Тақырыбы: Қоғамдық денсаулықпен байланысты медицинаның этикалық мәселелері.

Орындаған: Ысқақ М.

Тексерген:

Жоспары:

## 1. Кіріспе

Медициналық этика және деонтология туралы түсінік.

## 2. Негізгі бөлім

Қоғамдық денсаулық сақтаудың дамуының қазіргі сатысында деонтология және медициналық этика маңызы.

Деонтология және медициналық этиканың нормативтік-заңдылық негіздері.

## 3. Қорытынды

## 4. Пайдаланылған әдебиеттер

## 1. Кіріспе

**Медициналық этика** (лат. *ethica*, грек тілінен алғанда *ethice* – адамгершілікті зерделеу), немесе **медициналық деонтология** (греч. *deon* – парыз; «деонтология» термині соңғы жылдардағы отандық әдебиетте кеңінен қолданылуда), – яғни бұл – медициналық қызметкерлердің кәсіби міндеттерін орындау барысындағы этикалық нормалар мен қағидаттар жиынтығы.

Қазіргі заманғы түсінік бойынша, медициналық этика аспектілері

ғылыми –  
медициналық  
қызметкерлердің  
жұмысының этикалық  
және адамгершілік  
аспектілерін  
зерттейтін  
медициналық ғылым  
тарауы

практикалық – кәсіби  
медициналық  
қызмет барысында  
этикалық нормалар  
мен ережелерді  
қалыптастыру және  
қолдану міндеті болып  
табылатын  
медициналық  
тәжірибие саласы

1. Медициналық  
қызметкер –  
емделуші.

Медициналық этика үш  
негізгі бағыт бойынша  
тұлғаралық қарым-  
қатынастардың әртүрлі  
мәселелерін зерделейді  
және шешеді:

2. Медициналық  
қызметкер –  
емделушінің  
туысқандары.

3. Медициналық  
қызметкер –  
медициналық  
қызметкер.

Этикалық қағидаттар:

қайырымдылық

автономия

әділеттілік

толыққанды  
медициналық көмек

## «Медбике-емделуші» арасындағы қарым-қатынастар:

Медициналық бике емделушімен сабырлы әрі ашық жарқын сөйлесуге міндетті. Дөрекі, тұрпайы немесе тым ресми сөйлесуге тыйым салынады. Науқастарға «Сіз» деп және аты мен әкесінің атын атап сөйлескен жөн.



Науқастың жанында тұрып оның диагнозын, емдеу жоспарын талқылауға, палатадағы өзге де науқастардың денсаулығын әңгімелеуге тыйым салынады.



Күрделі және ауырсындыратын емшараларды бастамас бұрын медбике осы емшаралардың мәнін, мағынасын және қажеттілігін түсінікті түрде науқасқа түсіндіруі және тыныштандыруы қажет.

## «Медбике – емделушінің туысқандары (және жақындары)» арасындағы қарым-қатынастар:

Ұстамдылықты, сабырлылықты, тыныштықты және әдептілікті сақтауы қажет



Күрделі науқастарды күтушілерге емшара мен манипуляцияларды дұрыс орындау тәртібін түсіндіруі тиіс

тек өз құзыреті шеңберінде сұхбаттасуы (науқастың сырқаты, болжамы жөнінде әңгімелемей, дәрігерге жолдау) тиіс



Қойылған сұрақтарға сабырлы жауап беруі қажет, күрделі науқаста дұрыс күте білу ережелерін шыдамдылықпен үйретуі тиіс.

## «Медбике-дәрігер» арасындағы қарым-қатынастар:

Сұхбаттасу кезінде дөрекі сөйлесуге тыйым салынады



Дәрігерлік тағайындаулар уақытында нақты, нақты және кәсіби орындалуы тиіс


Науқастың денсаулық жағдайындағы кенеттен болған өзгерістер туралы дәрігерге жедел хабар берілуі тиіс



Тағайындалған дәрігерлік емді қолдану барысында күмән туындаған жағдайда , науқас жоқ уақытта, сыпайы түрде, осы жөнінде дәрігермен мән-жайды талқылауы қажет.



Медициналық деонтология мораль мен этика туралы ғылымның бір бөлігі ретінде қоғамдық-саяси және экономикалық жағдайлармен, үстемдік құрушы идеологиямен, сондай-ақ медицинаның ғылыми және тәжірибелік даму деңгейімен тығыз байланыста.



Емдеу жұмыстары барысындағы дәрігер мен науқастың өзара қарым-қатынасының моральді-этикалық мәселелері деонтологияның маңызды тармағы болып табылады. Емдеу мекемесі туралы алғашқы әсердің жағымды, не жағымсыз болуы медицина қызметкеріне, осы жердегі жұмыс тәртібі мен жай-ахуалға байланысты қалыптасады. Емдеу мекемесіндегі орта мен ахуал науқастардың көңіл-күйіне, сайып келгенде, емдеу ісіне зор ықпалын тигізеді.

Бөлімшедегі жалпы жай ахуалдың да маңызы зор. Егер науқас ұқыпты да, мұқият жұмыс істеп отырған медицина қызметкерін көрсе, көңілі орнығып, табалдырықтан сеніммен аттайды. Егер де, науқас тек жоғары білікті маманды ғана емес, сонымен қатар жаны жайсаң, жүрегі ізгі жанды керсе, қамкор пейілін сезінсе, онымен бүкпесіз байланыс жасайды, ал мұның өзі емнің шипалы болуына септігін тигізеді.

Бөлмелер науқастардың жүріп-тұруына, мазасыз демалуына қолайлы, үйреншікті тұрмысын еске саларлық әдеппен жасақталуы тиіс. Тұрмыстық жағдай жасаумен қатар, науқастардың психикасына эстетикалық, сезімдік тұрғыдан да әсер етіп, олардың көңіл-күйін көтеруді, сезімін сергітуді де ұмытпаған жөн.



Науқас бөлімшеге түскен бойда оны емдеуші дәрігер қарсы алып, бүкіл медициналық тексеруден өткізеді, ем қолданып, оның нәтижесіне жауап береді. Сондықтан, емдеуші дәрігер науқас адам туралы, оның өмірі мен тұрмысы, жүргізілген диагностикалық тексерулердің нәтижелері, өзінің сырқатын сезінуімен ой толғанысы туралы бәрін біледі. Осындай жағдайларға орай, емдеуші дәрігер стационарға келген кезінде, ауру адам үшін ең жақын жанға айналады, оған әлгі науқас жан тәнімен сеніп, өзінің уайымы мен ой күдігін жасырмай айтады.

Емдеуші дәрігер кез-келген мекеменің буыны, бетке ұстар беделі болып табылады. Сондықтан, дәрігерге құрметпен карап, жоғары беделге жетуіне қолдау қорсету аурухана әкімшілігінің де, клиника басшылығының да, маңызды міндеті саналмақ. Әрине, емдеуші дәрігерлер әркілы болады, олар бір-бірінен жеке, кәсіби қаситтерімен ерекшеленеді.

Олардың кейбіреулерінің кателік жіберетін кездері де кездесіп қалады, сонда олардың қызметін объективті түрде бағалау, тіпті әділ жазасын беру қажеттігі туындауы мүмкін. Бірақ мұның бәрі науқастар назарына жетуге, палата дәрігерлерінің беделіне нұқсан келтірілмеуі тиіс. Осынау өзекті деонтологиялық қағиданы барша жұрт барлық жер, әсіресе клиникалар мен ауруханалардың басшылары қатаң сақтауы тиіс.

## 1.Международный кодекс медицинской этики

Принятый 3-й Генеральной Ассамблеей Всемирной Медицинской Ассоциации (Лондон, Великобритания, 1949 г.), дополненный 22-й Всемирной Медицинской Ассамблеей (Сидней, Австралия, 1968 г.) и 35-й Всемирной Медицинской Ассамблеей (Венеция, Италия, 1983 г.)

## Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы

Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 18 қыркүйектегі N 193-IV Кодексі

Деонтология және медициналық этиканың нормативтік-заңдылық негіздері.

Халықаралық дәрігерлер этикасының кодексі. Хельсинки

«Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметкерлерінің Арнамыс Кодексі» (мемлекеттік қызметкерлерінің қызметтік этика ережелері)

## Қорытынды:

Дәрігер үшін де, орта буын медицина қызметкерлері үшін де ең басты қағида - адамгершілікті, ілтипатты мейірімділікті сақтай білу. Бір кезде халқы құдайдай сенген пір тұтқан, төредей күтіп сыйлаған дәрігерлер мен медицина қызметкерлерінің бұл күнде ел арасындағы абырой-атағы, сый-сияпаты, құрметі бұрынғыдай емес әжептәуір төмендеп ақ кеткен.

Бұған кім кінәлі? Ең әуелі сол медицина қызметкерлері мен дәрігерлердің өздері кінәлі. Адам баласы өзін біреуге сыйлата алу үшін, ең әуелі өзінің сыйласымды болғаны дұрыс. Өзің дөрекі, мәдениетсіз, білімсіз, санасыз, кір-қожалақ, салдыр-салақ болып тұрсаң сені кім сыйлайды?

«Сыйға - сый, сыраға - бал» деп бұрынғылар бекер айтпаған. Мүмкін дәрігерлеріміз бен медицина қызметкерлеріміздің ел арасындағы қадір-қасиетінің тым төмендеп кетуі қоғамымыздағы болып жатқан экономикалық, саяси рухани өзгерістермен тұрмыстық-әлеуметтік жағдайлардың өте нашарлап кетуіне де байланысты шығар.

Қалай болғанда, ел басына қандай қиыншылық түссе де дәрігер болсын, орта буын болсын, кіші медицина қызметкерлері болсын өзінің қадір қасиеті, намысы, мамандығының абырой-атағы үшін күресе білуі керек.

Дәрігер мен орта буын медицина қызметкерлерінің адам баласының денсаулығының сақшысы екенін қас қағым сәтке де ұмытуға қақылары жоқ. Ішкі мәдениеті үйлескен дәрігер мен медбикелер ғана сырқат жүрегіне жол тауып, адам жанының арашасы бола алады.

Тән жарасы мен жан жарасының шипагері бола білген адам ғана нағыз дәрігер, мейірбике деген атқа лайық бола алады. Ол үшін әрбір дәрігердің, әрбір мейірбикенің көп ізденулері, білімі мен мәдениетін көтерулері қажет.

## ● *Пайданылған әдебиеттер:*

1. “Медициналық этика және деонтология” [www.fullref.ru](http://www.fullref.ru)
2. Деонтология в медицине, том 2: Частная деонтология / Под ред.Б.В. Петровского. М.: Медицина, 2010.
3. Қазақстан Республикасының «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі» Кодексі 18.09.2009ж.
4. Деонтология немесе дәрігердің адами пішіні, Ақтөбе облыстық қоғамдық- саяси газет, 9 ақпан 2012ж, Ізбасқан АЙМАҒАМБЕТОВ